

Ерейменім - туган жерім

Әні мен сөзі Жақсылық
Мұқановтікі

Асықтай

Е-рей - мен, е - лі - сің, сен дар - хан ел - дер - дің.

Е - рей - мен, же - рі - сің, са - ғым - ды

бел - дер - дің. А - я - лы ас - пан - ның

ас - тын - да құл - пыр - ған. Сен - сің ғой

е - лі - де, ай - дың - ды көл - дер - дің.

Ей, Е - рей - мен көл - дер - дің,

Ей, Е - рей - мен бел - дер (і) - ай.

The musical score is written on a single treble clef staff with a key signature of two flats (B-flat and E-flat) and a 2/4 time signature. It consists of eight lines of music. The first line begins with a treble clef, a key signature of two flats, and a 2/4 time signature. The lyrics are written below the notes. The music features a mix of eighth and quarter notes, with some phrases spanning across bar lines. The final line of the score ends with a double bar line and repeat dots.

1. Ереймен, елісің, сен дархан ерлердің,
Ереймен, жерісің, сағымды белдердің.
Аялы аспанның астында құлпырып,
Сенсің ғой елі де, айдынды көлдердің.

Қайырмасы:

Ей, Ереймен көлдері- ай,
Ереймен белдері- ай.

2. Ереймен өңірі, шат өмір қайнаған,
Ұл-қызың төсінде, гүл болып жайнаған.
Ну орман, тау тасың, күмістей бұлағың,
Ән болып, күй болып, бұлбұлдай сайраған.

Қайырмасы:

Ей, Ереймен нулары- ай,
Ереймен сулары- ай.

3. Ереймен - бір өзің, менің де әнімсің,
Бойда күш - қуатым, салтанат сәнімсің.
Жұпардай ауанды құмарта жұтамын,
Сен менің өмірім, сен менің мәнімсің.

Қайырмасы:

Ей, Ереймен желдері- ай,
Ереймен жерлері- ай.

4. Сен маған - анасың, мен саған - баламын,
Сен маған - атасың, сенімен данамын.
Өзіңнен нәр алып, шарықтап ұшамын,
Бір сенен үлгі алған, кеңпейіл баламын.

Қайырмасы:

Ей, Ереймен тастары- ай,
Ереймен асқары- ай.